

## Өзара ынтымақтастық және өзара іс-қимыл туралы МЕМОРАНДУМ

2023 жылғы «25» сез

Павлодар қ.

Бұдан әрі «1 тарап» деп аталатын Жарғы негізінде әрекет ететін Павлодар облысы Полиция департаменті Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы атынан бастықтың м.а. полиция подполковнигі Айғазин Арсен Тлегенұлы, Бұдан әрі «2-Тарап» деп аталатын «Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің Павлодар қаласының Мәшһүр Жүсіп атындағы жалпы орта білім беру мектбі» КММ директор Бекбаева Айнұр Тлегенқызы, бұдан әрі «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасы заңнамасын басшылыққа ала отырып, өз құзыреті және өкілеттігі шегінде өзара іс-қимыл бойынша бірлескен және келісілген іс-әрекеттерді жүзеге асыру мақсатында келісімге келді және төмендегілер туралы осы Меморандумды жасасты:

### Мазмұны:

#### **1-бап. Меморандумның мақсаттары**

#### **2-бап. Тараптардың өзара іс-қимыл бағытының міндеттері мен нысандары**

#### **3-бап. Меморандум бойынша Тараптардың өзара міндеттемелері**

#### **4-бап. Меморандумның қолданылу шарттары**

#### **5-бап. Қорытынды ережелер**

#### **1-бап. Меморандумның мақсаттары**

1.1. Осы Меморандумның негізгі мақсаты өзара ынтымақтастық орнату, жастарды жан-жақты тәрбиелеуді дамыту, жастар бастамаларын қолдау, бірлескен жобаларды одан әрі іске асыру, сондай-ақ Тараптардың тыйым салынған заттарды теріс қабылдауды қалыптастыруға, салауатты өмір салты мен спортты насихаттауға бағытталған бірлескен профилактикалық және есірткіге қарсы іс-шараларға қатысуы болып табылады.

1.2. Жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу мәселелері бойынша ақпарат пен тәжірибені іске асыру және өзара алмасу, халықтың белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру, қоғамды шоғырландыру.

#### **2-бап. Тараптардың өзара іс-қимыл бағытының міндеттері мен нысандары**

2.1. Тараптардың өзара іс-қимылы ақпарат алмасу, тараптарға ұсынымдар, презентациялар және өзге де құжаттар жіберу, меморандумдар, бірлескен жоспарлар, бағдарламалар жасасу, жобаларды жүзеге асыру, семинарлар, дөңгелек үстелдер конференцияларын, брифингтерді ұйымдастыру және тараптар үшін қолайлы өзге де нысандарда іске асырылады.

2.2. Өзара іс-қимылдың ықтимал салалары осы Меморандумның ережелерінде көрсетілген мәселелермен шектелмейді. Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін және тараптар қарайтын өзара қолайлы және осы

Меморандумға қол қою үшін қажетті, сондай-ақ кейіннен кез келген басқа бағыттар бойынша өзара жұмысты жүзеге асыра алады.

2.3. Тараптардың өзара іс-қимылы ақпарат алмасу, тараптарға ұсынымдар, презентациялар және өзге де құжаттар жіберу, меморандумдар, бірлескен жоспарлар, бағдарламалар жасасу, жобаларды жүзеге асыру, семинарлар, дөңгелек үстелдер конференцияларын, брифингтерді ұйымдастыру және тараптар үшін қолайлы өзге де нысандарда іске асырылады.

2.4. Тараптар осы Меморандумның тармақтарын орындау мәселелері бойынша мәселелерді қарау және бірлескен үйлестірілген іс-шараларды өткізу үшін Тараптар беретін уәкілетті өкілдер арқылы бір-бірімен өзара іс-қимыл жасайды.

2.5. Тараптар осы Меморандумның ережелерін іске асыру мүддесінде өзара іс-қимылды дамыту, өзара қызығушылық тудыратын мәселелер бойынша оның тиімділігін арттыру мәселелері бойынша өзара ақпарат алмасу және талдау мақсатында жұмыс байланыстарын қолдайды, бірлескен жұмыс кездесулерін өткізеді.

2.6. Тараптар кейіннен Тараптардың құқықтарымен көтермелеу үшін іс-шараларды өткізуге белсенді қатысқан қызметкерлер туралы ақпараттың уақтылы берілуін қамтамасыз етеді.

2.7. Осы Меморандум Тараптарға ынтымақтастықтың өзге де өзара қолайлы нысандарын дамытуға кедергі келтірмейді.

### ***3-бап. Меморандум бойынша Тараптардың өзара міндеттемелері***

3.1. Тараптардың әрқайсысы келісім бойынша Халықпен жұмыс істеу үшін өкілдерді не еріктілерді жіберуге, тараптардың қызметкерлерін гендер мен жастар арасындағы қоғамдық іс-шараларға шақыруға және тартуға, оларды ұйымдастыруға жәрдемдесуге міндеттенеді.

3.2. Өздеріне сеніп тапсырылған ұжымдардың қызметкерлері арасында халықпен және жұртшылықпен жұмыс істеу қағидалары туралы, оның ішінде әлеуметтік желілер мен Интернет ресурстарды пайдалану арқылы түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

3.3. Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа әрбір сұрау салу бойынша қабылданған іс-қимылдардың нәтижелері туралы хабарлайды.

3.4. Мәліметтерді ашуды оларды беруші Тарап арнайы шешкен жағдайларды қоспағанда, барлық Тараптар алынған барлық мәліметтердің құпиялылығын сақтайды.

3.5. Іс-шараларды өткізу кезінде Тараптар мінез-құлықтың моральдық-этикалық нормаларын сақтауға, азаматтардың конституциялық құқықтарын бұзбауға, Қазақстан Республикасының жеке өмірге, жеке және отбасылық құпияға қол сұғылмаушылық құқықтары туралы заңнамасын бұзуға жол бермеуге, адамның жеке өмірі туралы ақпаратты оның келісімінсіз пайдалануға және таратуға жол бермеуге міндетті.

### ***4-бап. Меморандумның қолданылу шарттары***

4.1. Осы меморандум ізгі ниет актісі болып табылады және ашық құжат болып табылады. Тараптар бір-біріне меморандум жасасу туралы ақпаратты басқа

келісімінсіз кез келген үшінші тұлғаларға тарату құқығын береді.

4.2. Осы Меморандум оған қол қоятын тараптарға қаржылық міндеттемелер жүктемейді.

### **5-бап. Қорытынды ережелер**

5.1. Осы Меморандумға қол қойған Тараптардың әрқайсысы өз өкілеттіктері шегінде өз жауапкершілігін мойындайды және өзара келісім және жасалған уағдаластықтар қағидаттарында туындаған проблемаларды шешуде ынтымақтасуға міндеттенеді.

5.2. Осы Меморандумның ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды консультациялар мен келіссөздер жолымен шешеді.

5.3. Осы меморандум Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бірден бірдей заңды күші бар 2 (екі) данада жасалды.

5.4. Меморандумға барлық өзгерістер мен толықтырулар консультациялар мен келіссөздер жүргізу арқылы барлық тараптардың келісімі бойынша енгізіледі.

5.5. Осы Меморандум оған тараптар арасында қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

Осы Меморандумға қол қойылды:

**Павлодар облысы ПД  
ЕҚҚІҚБ бастығының міндетін атқарушы  
полиция подполковнигі  
2023 жылғы «25» 04**



**А. Т. Айғазин**

**«Павлодар облысының білім беру  
басқармасы, Павлодар қаласы  
білім беру бөлімінің Павлодар қ.  
Мәшһүр Жүсіп ат. жалпы орта білім  
беру мектбі» КММ директоры  
2023 жылғы «25» 04**



**А.Т. Бекбаева**